

ӘОЖ: 376.1:004.9

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ОҚУШЫЛАРДЫ МЕКТЕП ОРТАСЫНА БЕЙІМДЕУ

Базылканова Жадыра Бауржановна

zbazylkanova@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ әлеуметтік ғылымдар факультетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3- курс студенті Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н. П. Албытова

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Арнайы және инклюзивті білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету оңтайландырылады және автоматтандырылады, оның шеңберінде денсаулық сақтаудың және әлеуметтік қорғаудың ақпараттық жүйелері интеграцияланады. Бұл психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға (бұдан әрі – ПМПК) "медициналықтан" "педагогикалық" үлгіге көшуге мүмкіндік береді»- деп белгіленген. Мектептер мен колледждер ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар инклюзивті ортада балаларды сүйемелдейтін тиісті мамандармен қамтамасыз етілетін болады»- деп көрсетілген [1]. Демек, жалпы білім бетретін мектепте мүмкіндігі шектеулі оқушыларды әлеуметтік ортаға бейімдеуде әлеуметтік педагогикалық қызметті арттыру қажет.

Қазіргі таңда еліміздегі мүмкіншілігі шектеулі балалар санының көбеюі денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларының осы мәселеге көңіл бөлуін талап етіп отыр. Жылдан жылға мүмкіншілігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп, оларды қоғамның бір мүшесі ретінде қарауға бет бұрып келуі жақсы көсеткіш. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік психологиялық, педагогикалық бейімдеу арқылы заман талабына сай білім беріп қана қоймай, тәрбиелеп, оларды қоғам өміріне өз пайдасын тигізуге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыру өте маңызды.

Сол себепті соңғы жылдары мүмкіндігі шектеулі балаларға деген көзқарас өзгеріп, оларды дамытуға ерекше мән беріліп отыр. Жалпы білім беретін мектептерде денсаулығы қалыпты оқушылармен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналууда. Әлемнің дамыған елдерінде мүмкіндігі шектеулі балаларды денсаулығы қалыпты балалармен қосып оқытуға көп көңіл бөлінеді және бұл салада елеулі тәжірибелер жинақталған. Біздің отандық жалпы білім беретін мектептің іс – тәжірибесі үшін инклюзивті оқыту педагогикалық жаңашылдық деп бағаланады. Мәселенің жаңалығы қазақстандық жалпы білім беретін мектептердің іс – тәжірибесінде инклюзивті оқытуды жан – жақты зерттеуді талап етеді.

Ғаламдық педагогика және психологияда инклюзивті оқыту мәселелері көптеген ғалымдар тарапынан зерттелінген. Мысалы, М.Аинскав, М.С.Рейнольдс, К.Хортон, М.Гуральник, Т.С.Лернер, Д.Брикер, Н.Д.Шматко т.б. еңбектерінде инклюзивті оқытудың проблемалары теориялық тұрғыдан қарастырылған.

Соңғы жылдары Ресей ғалымдары Л.М.Шипицына, Л.П.Назарова, Н.Н.Малофеев, В.В.Линьков, Н.Г.Чанилова, В.Г.Маралов, Т.В.Егорова, Н.Д.Шевцовтың зерттеу жұмыстарында инклюзивті оқытудың көптеген аспектілері жан-жақты әр қырынан зерттелген.

Қазақстандық ғалымдар Р.А.Сулейменова, Н.А.Алмағанбетова, А.К.Жалмухамедова, Г.Д.Хақимжанова, Р.Ж.Жумажанова, К.Ш.Кумаржанова, А.А. Байтұрсынованың зерттеу жұмыстарында инклюзивті оқыту мәселелері қарастырылған [2].

Алайда жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті оқытудың көптеген проблемалары теориялық тұрғыда шешімін таппағандықтан мүмкіндігі шектеулі оқушыларды мектеп ортасына бейімдеу мәселесі туындайды.

Бейімдеу дегеніміз -жеке адамның немесе әлеуметтік топтың ортамен әрекеттестігі, оған осы ортаның нормалары мен құндылықтарын игеру, сонымен қатар ортаның мақсатына сәйкес өзгеруі, қайта құрылуы жатады. Ал психологияда «бейімделу» (адаптация) ұғымы адамның қоршаған орта жағдайына бейімделуін білдіреді. Бұл ұғым индивид пен ортаның тепе-теңдік байланыстары туралы гештальтпсихология, ақыл-ойдың даму теориясы сияқты психологиялық концепцияларда маңызды орын алады. Бұл терминді еңгізген Г.Селье. Г.Селье бойынша қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-психологиялық бейімдеудің 3 стадиясы бар дейді. Олар:

1.Алаңдау стадиясы– бір неше сағат немесе екі күн созылуы мүмкін, мұнда адамға белгілі әсер келіп адам одан қорғануға тырысады;

2. Қарсы шығу стадиясы – адам әсерге қарсыланады;

3. Тұрақтану немесе әлсіздену стадиясы [3].

Бейімделудің негізгі түрлері –сенсорлық бейімделу мен әлеуметтік бейімделу. Сенсорлық бейімделу–түйсіктердің бейімделуі. Әлеуметтік бейімделу –бейімделудің ең жоғары дәрежесі, бір жағынан, үнемі жүретін индивидтің әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде бейімделу процесі, екінші жағынан, бұл процестің нәтижесі. Осы екі компоненттің өзара қатынасы индивидтің қажеттіліктеріне, оларды қанағаттандыру мүмкіндігіне тәуелді. Бейімделу үздіксіз жүретін процесс болса да, оны әдетте, адамның өмірінде негізгі әрекеттердің және әлеуметтік ортаның ауысуымен байланыстырады.

Әлеуметтік бейімделу – тек дені сау адамдардың ғана емес, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балалардың да әлеуметтік ортаға қосылуы, қоғамда өмір сүруге бейімделуі. Мүгедек бала - тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған он сегіз жасқа толмаған адам [4].

Мүмкіндігі шектеулі балаларда бейімделу үдерісі үнемі сәтті, қиындықсыз бола бермейді. Кейде, адекватты емес мінез-құлық реакциялары, қиын психологиялық ситуациялар туындайды. Бір сөзбен айтқанда, дезадаптация пайда болады. Балалардағы дезадаптация күйі оңай пайда болғанмен, адаптация үдерістері ұзақ уақытқа созылады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың бейімделу немесе адаптация қиындықтарын жеңілдету, психикалық дамуын қалыпты балалардың психикалық дамуы деңгейіне жақындату коррекция және компенсация жолдарымен жүзеге асады.

Дәлірек айтқанда, коррекция (түзету) ұғымы – психикалық және дене бітімдік дамудағы кемшіліктерді, психологиялық-педагогикалық және емдеу-сауықтыру шараларының жүйесі көмегімен түзету. Бұл жүйе баланың психикасының, дене бітімінің ауытқуларын жеңілдетуге және жоюға бағытталады. Дамудағы ауытқуды түзету немесе коррекция жасаудың тұтас тұжырымдамасын алғаш рет итальян педагогы М.Монтессори (1870-1952) жасады. Ол сезімдік тәжірибе мен моториканың дамуы автоматты түрде ойлауды дамытады, себебі олар ойлаудың алғышарттары деп есептейді [4]. Біз әлеуметтік педагогикалық тұрғыда мүмкіндігі шектеулі оқушыларды мектеп ортасына бейімдеу

барысында міндетті түрде баланың бойындағы психикалық, дене бітімдік дамудағы ауытқушылықтарын, кемшіліктерін білу өте маңызды.

«Балалардың құқықтары туралы Конвенцияда» мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше күтімге, білім алуы мен дайындығына, әлеуметтік ортада, қоғамда толық құқылы өмір сүруін қамтамасыздандыру мазмұны 23-баптарында нақты көрсетілген [3]. Яғни, олардың мүмкіндіктері шектеулі болғанымен де, мәртебесі сау адамдармен тең дәрежелі екенін білу маңызды. Атап айтқанда мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың қалыпты дамыған адамдармен әлеуметтік, саяси, азаматтық, экономикалық, мәдени жағынан тең құқылы екендігі жайлы айтылған.

Ерекше бейімделу мүмкіндіктері бар балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың маңызды құрамдас бөлігі-онымен белсенді қызметке отбасы мүшелерін, ата-аналарын немесе оларды алмастыратын тұлғаларды қосу. Оның мектеп ортасына бейімделу мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған жеке әлеуметтік барынша іске асыру үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасалынуы қажет. Ол үшін ата-аналардың арнайы әлеуметтік-педагогикалық дайындығы қажет.

Мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға бейімдеудің негізгі фактор мен әлеуметтік-бейімдеу бағыты ретінде төмендегі нұсқа жиі көрсетіледі :

- баланың әлеуметтенуіне, қоршаған ортаға бейімделуіне жағдай жасау;
- баланы шығармашылыққа тарту;
- баланы мерекелік іс-шараларға қатыстыру;
- баланы әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауға үйрету;
- қоғамдық ортада өзін еркін сезінуге, өзін-өзі басқара білуге, өзі өмір сүретін ортаны толық бағдарлай білуге үйрету[5].

Мектеп ортасына бейімдеу қызметінде ерекше бейімделу мүмкіндіктері бар балалармен жұмыс жөніндегі әр түрлі орталықтардың мамандары өз жұмыс тәжірибесінде басшылыққа алатын қағидалар мен талаптарды басшылыққа алу керек болады, олар:

- Баланы жеке-тұлғалық ерекшеліктеріне сай, өз қалпында, өз болмыс-бітімімен қабылдау;
- Баланың жеке басын құрметтеу, сенім білдіру. Бұл баланың ата-анасына деген сенімін қалыптастыруға ықпал етеді;
- Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс субъектісінің беделі;
- Баланың әлеуметтік-педагогикалық жұмысындағы жеке мүмкіндіктерінің, құралдарының және мақсаттарының бірлігі [6 ;329-330 б.]

Жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі оқушымен жұмыс барысында әр баланың патологиясын, жеке қабілеттіліктерін ескере отырып, тапсырмаларды саралап ұсыну тиімді. Бұл дамуы қалыпты және инклюзивті балалардың тең қатынастағы тобын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Балалар топта өздерін жақсы танытады, басқалардан қалыс қалмауға тырысады, бір-біріне белсенді әсер етеді, үздік болуға ұмтылады. Осының бәрі әр баланың дамуы мен тәрбиесін ынталандыруға оң әсер етеді. Сондай-ақ, осындай жұмыстар әрбір баланың өзін-өзі тануын ынталандыруға және қанағаттануға ықпал етеді. Бұл жүйенің өте маңызды компоненті, баланың қозғалу белсенділігін көрсетуге, көңіл-күйді қолдауға және оның жеке мүмкіндіктеріне деген сенімділігін нығайтуға, «менің қолымнан келеді» дегенге сенімін тудырады.

Қоғамға бейімделу – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік құрылымдарға енуі. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік ортаға енгізудің негізгі бір факторы, мектеп ортасын мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындау.

Сонымен, мүмкіндігі шектеулі баланы жалпы білім беретін мектеп ортасына бейімдеуде әлеуметтік педагог бейімделу заңдылықтарын, осы категориядағы балалардың ата-аналарымен жұмыс түрлерін, оқушыларды оқыту әдістері мен принциптерін жетік білулері қажет. Өйткені, оқушының оқу ортасына бейімделуі күрделі процесс болса, мүмкіндігі шектеулі оқушы үшін ол аса маңызды болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
2. <https://www.uniface.kz/index.php?post=article§ion=1&id=631>
3. <https://infourok.ru/adamni-e-maizdi-igiligi-zheke-basini-bostandii-men-itari-ata-zaimiz-konstituciyan-kemtar-balalardi-leumettik-zhne-medicinaliped-776656.html>
4. Шеримова А. С., Елюбаева А. Н. Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-психологиялық бейімдеудің маңызы // Молодой ученый. — 2015. — №8.1. — С. 41-44. — URL <https://moluch.ru/archive/88/17594/>
5. <https://multiurok.ru/files/mumkindighi-shiektieuli-balalardyn-k-og-amg-a-biei.html>
6. Аксенова Л. И.А 41 Социальная педагогика в специальном образовании: Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений. — М.:2017